

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

ИПБ өкілдері бір алаңда кездесіп, салымшылар сауалдарына жауап берді

Отандастарымыздың зейнетақы жинақтары нарықтық жағдайларда елімізде де, шетелде де әртүрлі валютадағы сан-алуан қаржы құралдарына инвестицияланады. Нәтижесінде инвестициялық кіріс әртүрлі көздерден құралады: бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістер, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау, сондай-ақ, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер.

Бұл кең таралған әлемдік тәжірибе. Әлемдегі зейнетақы қорлары салымшылардың зейнетақы капиталын инвестициялау және көбейту үшін тартымды және тиімді мүмкіндіктерді үнемі іздестіріп отырады. Қазіргі уақытта зейнетақы активтерін инвестициялаумен ҚР Ұлттық Банкі (ҚРҰБ), ал 2021 жылдан бастап инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) айналысады.

Халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу шеңберінде "БЖЗК" АҚ-ның барлық филиалдарында онлайн-форматта "Инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) инвестициялық стратегиялары. Салымшылар үшін өзекті мәселелерді талқылау" тақырыбында Ашық есік күні өтті.

Бұл оқиға бірегей болды. Басқарушы инвестициялық компаниялардың өкілдері алғаш рет бір онлайн-алаңда кездесіп, барлық қызығушылық танытқандарға өздерінің инвестициялық саясаты туралы баяндап, жұмыс нәтижелерімен бөлісті. Салымшылардың өзекті сұрақтарына жауап берді. Сондай-ақ, БЖЗК ұйымдастырған іс-шараға қатысушылар өз ақшаларын сенімгерлікпен басқаруға аудару туралы шешім қабылдаған жағдайда, ең алдымен неге көңіл бөлу керек, ИПБ-ны қалай таңдаған дұрыс екендігі туралы мамандар тарапынан маңызды ақпараттар алды. Зейнетақы жинақтарын беру ережелері мен алгоритмдері туралы кәсіби кеңес берілді. Іс-шара материалдарымен Қордың ресми сайтында танысуға болады: <https://www.enpf.kz/kz/about/press-center/projects/opeday2024.php>

Естеріңізге сала кетейік, 2021 жылдың қаңтар айынан бастап БЖЗК салымшылары өздерінің зейнетақы жинақтарын жеке инвестициялық компаниялар – ИПБ-лардың сенімгерлік басқаруына беру мүмкіндігін алды. Бастапқыда ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын немесе сақтандыру компаниясымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқаннан кейін зейнетақы шотында қалған жинақтарды ғана беруге болатын. Алайда, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап инвестициялық мүмкіндіктер кеңейді. Енді БЖЗК салымшылары міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинақтарының 50% дейін, сондай-ақ, ерікті жарналарынан жинақталған қорын 100% мөлшерде жеке компаниялардың сенімгерлік басқаруына бере алады. Қазір ондай компаниялардың саны - 5. [ИПБ-лардың толық тізімімен, қызметтеріне жасалған шолулармен](#) әрбір салымшы БЖЗК сайтында таныса алады.

Жинақтарын бір немесе бірнеше ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру туралы шешім қабылдаған салымшы, ең алдымен, БЖЗҚ-ға өтініш жолдауы қажет. Оны Қор сайтындағы Жеке кабинет немесе ең жақын жерде орналасқан кез-келген бөлімшеге барып, беруге болады.

Барлық қажетті ақпарат www.enpf.kz сайтындағы **Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін сенімгерлік басқаруға аудару** бөлімінде, сондай-ақ, БЖЗҚ/ЕНПФ Youtube-арнасындағы <https://www.youtube.com/watch?v=9EbYNGd0NXI> сілтемесі бойынша бейненұсқаулықта берілген.

БЖЗҚ зейнетақы жинақтарын жеке басқарушыларға аударғаннан кейін де олардың есебін жүргізуді жалғастыра береді. Әрбір салымшы жеке зейнетақы шотынан алынатын үзінді көшірмеден ИПБ-ның оған қанша кіріс кіргізгені туралы ақпаратты көре алады. Алайда инвестициялық қызметтің нәтижелерін ұзақ мерзімдік кезең ішінде бағалауға кеңес береміз. Әлеуметтік Кодексте жинақтарды бір ИПБ-дан екіншісіне немесе ҚР ҰБ-тың басқаруына жылына тек бір рет қана аударуға болатындығы айқындалған.

Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға аудару кезінде есте сақталуы қажет маңызды жәйт: зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік тек Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруындағы жинақтар бойынша беріледі. Зейнетақы жинақтарын ИПБ басқаруына аударған жағдайда, мемлекеттің кепілдігі басқарушы компанияның кепілдігімен ауыстырылады. Ол активтер кірістілігінің ең төменгі деңгейінен кем болмайтын мөлшердегі кіріспен қамтамасыз етуі керек. Бұл деңгей зейнетақы активтерін басқару нарығында жұмыс істейтін барлық ИПБ басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігі негізінде есептеледі.

Салымшылар зейнетақы жүйесінің барлық мәселелері бойынша ақыл-кеңесті БЖЗҚ филиалдарына келіп немесе онлайн режимінде: enpf.kz сайты, түрлі мессенджерлер мен әлеуметтік желілер, сондай-ақ, "Ашық есік күні" бірегей іс-шарасы арқылы ала алады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).